Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Ұлттық тестілеу орталығы

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ
ТЕСТІЛЕУ

Түсушілерге арналған ЖАДЫНАМА

АСТАНА
2018

2018 ҰБТ

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ

КҮНТІЗБЕ

ҰБТ-ға өтініштер қабылдау	**ҰБТ өткізу**
10-наурыз - 10-мамыр	*20-маусым - 1-шілде*
Шығармашылық емтихандарға өтініштер қабылдау	**Шығармашылық емтихандарды өткізу**
20-маусым - 7-шілде	*8 - 13-шілде*
Арнайы емтихандарға өтініштер қабылдау	**Арнайы емтихандарды өткізу**
20-маусым - 18-тамыз	*20-маусым - 18-тамыз*
Конкурсқа өтініштер қабылдау	**Конкурс нәтижелері**
23 - 31-шілде	*10-тамыздан кейін*
Қайта тестілеуге өтініштер қабылдау	**Қайта тестілеуді өткізу**
1 - 8-тамыз	*19 - 24-тамыз*
ЖОО-ға шартты негізде түскендерге арналған қайта тестілеуге өтініштер қабылау	**ЖОО-ға шартты негізде түскендерге арналған қайта тестілеуді өткізу**
10 - 20-желтоқсан	*20 - 24-қаңтар*

! *Нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін түзетулер болуы мүмкін*

ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ

3. ҰБТ–ға қатысу үшін түсуші өзі оқып жатқан білім беру ұйымына келесі құжаттарды тапсырады:

1) белгіленген үлгідегі тестілеуге қатысуға арналған өтініш;

2) 3 x 4 көлеміндегі екі фотосурет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Жасы 16-ға толмаған және жеке басын куәландыратын құжаты жоқ түсушілер мектепті ағымдағы жылы бітіргені туралы фотосуреті бар анықтама ұсынады

Өтініш деректер базасына енгізілгеннен кейін тестіленушіге:

1) бітірушінің тіркелгендігі жөнінде анықтама;

2) тестілеуге кіруге рұқсаттама беріледі.

Тіркелу анықтамасын алғаннан кейін аты-жөніңіздің дұрыс жазылғанын тексеріңіз, себебі бұл мәліметтер сертификатқа және білім беру грантының куәлігіне жазылады және жеке басыңызды куәландыратын құжатқа сәйкес болуы қажет.

2018 ҰБТ

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ

ӨТКІЗУ

Ұзақтығы

3 САҒАТ 50 МИНУТ

1. Жауап парағының қызметтік секторларын МҰҚИЯТ ТОЛТЫРЫҢЫЗ
2. Кітапшаның баспа сапасын, бүтіндігін, беттерінің түгелдігін ТЕКСЕРІҢІЗ
3. Тест тапсырмаларын ОРЫНДАҢЫЗ және жауап парағын толтырыңыз
4. Жауап парағы мен кітапшаны аудитория бойынша кезекшіге ӨТКІЗІҢІЗ

Аудиториядан шығуға тек уәкілетті тұлғаның алып жүруімен тестілеудің бірінші сағатынан кейін 1 сағат 30 минут ішінде рұқсат етіледі.

МІНДЕТТІ ТҮРДЕ

жеке куәлік

тестілеуге рұқсаттама

көк немесе қара түсті қалам

2018 ҰБТ

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ

ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

1. аудиториядан дәліз кезекшісінің міндетін атқаратын Министрлік өкілінің рұқсатынсыз және алып жүруінсіз шығуға;
2. сөйлесуге, орын ауыстыруға;
3. калькуляторды, анықтамалық әдебиеттерді (Менделеев және тұздардың ерігіштігі кестесінен басқасын), электрондық жазба кітапшаларын, түзету сұйықтығын және мобильдік байланыс құралдарын пайдалануға;
4. емтихан материалдарымен алмасуға;
5. емтихан материалдарын аудиториядан шығаруға;
6. емтихан материалдарын (жауап парағы мен кітапшалар) умаждауға;
7. корректор сұйықтығын қолдануға, беттерді жыртуға, бояуға қарастырылмаған секторларды бояу (жауап парағының нөмірі) арқылы бүлдіруге.

! ***Түсуші осы қағидаларды бұзған жағдайда, тестілеу нәтижелері өңделмейді және жойылады.***

НӘТИЖЕЛЕР

тестілеу нәтижелерімен емтихан материалдарын өңдеу аяқталған соң танысуға болады

- **ҰБТӨП ақпараттық қабырғаларында (емтихан ведомостері)**

- **Ұлттық тестілеу орталығының www.testcenter.kz сайтында.**

Тестіленуші нәтижесін көру үшін ТЖК мен ЖСН енгізу қажет.

Тестілеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда түсушілер тестілеу нәтижелері бойынша апелляцияға өтініш бере алады

ҰБТ нәтижесі бойынша сертификат беріледі.

Сертификаттың жарамдылық мерзімі – ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Сертификатты ЛАМИНАТТАУҒА тыйым салынады!

АПЕЛЛЯЦИЯ

Апелляцияға өтініштер тестілеу нәтижелері хабарланғаннан кейін келесі күнгі 13.00-ге дейін ҰБТӨП-те арнайы үлгіде беріледі және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады

Өтініш беру барысында тестілеу нәтижесімен келіспеуінің дәлелін (себебі мен негіздемесін) КӨРСЕТУ керек.

Апелляция қарастырылады

Тест тапсырмаларының мазмұны мен мәтіні бойынша

- дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмейді
- дұрыс жауабы жоқ
- бес жауап нұсқасынан бір жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларында бірнеше дұрыс жауап бар
- тест тапсырмасы дұрыс құрылмаған

Техникалық себептер бойынша

- сканер дұрыс жауабы бар дөңгелекшені екі немесе одан да көп жауап ретінде оқыса
- сканер дұрыс жауабы бар дөңгелекшені бос дөңгелекше ретінде оқыса
- жауап парағында ақау болса
- тапсырма шартының фрагменті болмағандықтан дұрыс жауапты анықтау мүмкін емес

2018 ҰБТ

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ

ТАПСЫРМАЛАР

ҰБТ-ны өз қалауы бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын* тілдерінде тапсыруға болады

1

Қазақстан тарихы

Математикалық сауаттылық

Оқу сауаттылығы

2

Бірінші бейіндік пән

Екінші бейіндік пән

Берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау ұсынылады

Тест тапсырамаларының саны - әр пәннен 20.

1-20 аралығындағы тест тапсырмаларында берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау ұсынылады.

21-30 аралығындағы тест тапсырмаларында бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау ұсынылады.

Тест тапсырамаларының саны - әр пәннен 30.

Ең жоғары балл - 140

Ең төменгі шектік балл - әр пәннен 5 балл

**** Жоғары оқу орнында оқу тілі "Қазақстан тарихы" пәнін тапсыру тілі бойынша анықталады.***

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕМТИХАНДАР



Шығармашылық емтиханға қатысуға өтініштерді қабылдау және емтиханды тапсыру оқуға жоспарланған жоғары оқу орнында тапсырылады.

Балдар есептеледі

Қазақстан тарихы
Оқу сауаттылығы
+
Шығармашылық емтихандар

Әр шығармашылық емтихан бойынша ең жоғары балдар саны - 40

Педагогикалық мамандықтарға түсуге жоспарлаған түсушілер бір арнаулы емтихан (педагогикалық жағдайды шешу) тапсырады

Емтихан жоғары оқу орнында өткізіледі



Критерилер бойынша бағаланады

"ӨТТІ" ⟷ **"ӨТПЕДІ"**

Жоғары оқу орындарына түсу үшін балдардың шектік деңгейі

Ұлттық жоғары оқу орындарына – кемінде 65 балл, ал "Білім беру", "Ауыл шаруашылығы ғылымдары" және "Ветеринария" мамандықтарының топтары бойынша – кемінде 60 балл

Басқа жоғары оқу орындарына – кемінде 50 балл, ал "Жалпы медицина" мамандығы бойынша – кемінде 65 балл

Оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы бойынша – кемінде 5 балл және әр бейіндік пәннен кемінде 5 балл, шығармашылық емтихан тапсыру талап етілетін мамандықтарға түсушілерді есептемегенде.

БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫ
нақты мамандықтар, тіл бөлімдері мен оқу нысандары бойынша ҰБТ немесе КТ сертификаттарының баллдарына сәйкес конкурстық негізде беріледі.

Білім беру гранттары иегерлерінің тізімі "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде, және де www.testcenter.kz сайтында жарияланады

ҚАЙТА ТАПСЫРУ



Қайта кешенді тестілеуге қатысуға болады, егер:

- **ҰБТ нәтижелері бойынша шектік балл ЖИНАМАҒАНДА**
- **тәртіп сақтау ережесін бұзып, тестілеуден ШЫҒАРЫЛҒАНДА**
- **Белгілі себептермен ҰБТ-ға ҚАТЫСПАҒАНДА**
- ***жоғары оқу орнына ақылы негізде ТҮСУ ҮШІН***

Қайта кешенді тестілеу нәтижелері бойынша шектік балды алмаған адамдар жоғары оқу орындарына күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

Бұл адамдар үшін жоғары оқу орнында білім алудың бірінші академиялық кезеңі аяқталғаннан кейін кешенді тестілеу қайта өткізіледі.

2018 ҰБТ

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ

ДАЙЫНДЫҚ

ҰБТ тест тапсырмаларына төмендегі құралдардың көмегімен дайындалуға болады

- Ұлттық тестілеу орталығының Филиалы арқылы алынған кітапшалар мен жауап парақшалары



- Ұлттық тестілеу орталығының www.testcenter.kz сайтындағы онлайн байқау сынағы

- **Кітапшалар мен жауап парақтарының құны - 351 теңге.**

  Төлем "Астана Банкі" АҚ, "Қазақстанның Халық банкі" АҚ немесе "Қазпошта" АҚ арқылы жүргізіледі

- **Онлайн байқау тестілеуінің құны - 260 теңге**

  Төлем "Астана Банкі" АҚ, "Қазақстанның Халық банкі" АҚ немесе "Касса 24" терминалдары арқылы жүргізіледі.
  Бұдан бөлек, cabinet.testcenter.kz сілтемесі арқылы жеке кабинетке тіркеліп, төлемді кез-келген ыңғайлы тәсілмен жүргізуге болады.

ҰТО филиалдарының мекен-жайлары
http://testcenter.kz/ru/region/filialy/

facebook.com/testcenterkz

vk.com/testcenterkz

instagram.com/testcenterkz